

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Адамдар жануарлардан не алады?

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.06.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/76076/>

Пәні: жаратылыстану Сынып: 1-сынып Күні:	Мектеп: «Ы.Ноғайбаев атындағы № 18 орта мектеп»МКМ Мұғалімнің аты-жөні: Исканова Жаухазын Оралгазиевна Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:	
Сабақ тақырыбы:	Адамдар жануарлардан не алады?	
Оқу мақсаты:	1.2.2.1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтау; 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату;	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: жануарлар мен өсімдіктерді салыстыра алады Көптеген оқушылар: жабайы және үй жануарларын ажыратады Кейбір оқушылар: үй жануарларынан қандай өнімдер алынатынын және пайдасын айта алады.	
Бағалау критерийлері	Жабайы, үй жануарларын ажыратады. Жануарлардан, өсімдіктерден қандай өнім алатынын біледі. Үй құстарынан алынатын өнімді анықтайды. Жануарларды зерттейді, бақылайды, салыстырады, шешім қабылдайды.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: жануарлардың негізгі белгілерін тұжырымдап түсіндіреді. Тері, жүн, сүт, жұмыртқа, ет.	
Құндылықтарды дарыту	Жануарларды қорғауға, оқушылардың бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, көркем еңбек, күнделікті өмірмен байланыс	
АКТ қолдану дағдылары	Аудиожазба-тыңдайды, естиді, қайталайды	
Бастапқы білім	Кейбір жануарларды атай алады. Үй жануарларын күтуді біледі.	
Сабақ барысы		
Сабақ жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Психологиялық ахуал Қайырлы күн, алтын күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, қонақтар! 2. Толқу бөлу мақсатында сабақ тақырыбын ашу. Оқушылар партадағы дайындалған қима қағаздарды алады. (үй жануарлары, жабайы жануарлар, құстар)	Шаттық шеңбері қима қағаздар

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>«Серпілген сауал» — Төрт түлік малға қай жануарлар жатады? — Қандай үй жануарларын білесіңдер? — Адамға жануарлардың қандай пайдасы бар? — Қандай жабайы жануарларды білесіңдер? — Жабайы жануарлар қайда тіршілік етеді? — Жабайы жануарлар қалай қоректенеді? — Не себепті жабайы жануарлар дейміз?</p> <p>3. №1 тапсырма 1- топ: Үй жануарлардан қандай өнімдер алынады? (ет, сүт, жүн, тері) 2- топ: Жабайы жануарлардың қандай пайдасы бар? (тері) 3- топ: Құстардан не аламыз?(жұмыртқа, ет, жүн)</p> <p>ҚБ Ұжымдық бағалау «От шашу» Жануарлар тірі табиғаттың негізгі бөлігі. Жануарлар екіге бөлінеді: Үй жануарлары және жабайы жануарлар. Жануардың табиғаттағы тіршілігі ерекше әрі қызықты. Олардың адам үшін пайдасы да өте зор. Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Жабайы аңдар-табиғи жағдайда өз бетімен тамақ тауып, тіршілік ететін жануарлар. Жабайы жануарлардың түрлері өте көп.</p> <p>4. «Дүкенге саяхат» ойыны арқылы жаңа сабақты меңгерту Мақсаты: Сурет бойынша үй жануарларынан, өсімдіктерден алынатын өнімдерді, заттарды білу, айту (МК) Үй жануарларынан, өсімдіктерден азық-түліктің қандай өнімдері алынады? Терісі мен жүнінен қандай киім-кешек тігіледі?</p> <p>Нәтижесі: Үй жануарларынан, өсімдіктен алынатын өнімдері мен тігілетін киім-кешекті айта алады ҚБ Өзін-өзі бағалау «Бағдаршам»</p> <p>5. (ӨЖ) «Адасқан жануарлар» Мақсаты: Жануарлардың суреттерін алып, тиісті бағанға желімдеу</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td style="width: 50%;">Жабайы жануарлар</td> <td style="width: 50%;">Үй жануарлары</td> </tr> <tr> <td style="height: 30px;"></td> <td style="height: 30px;"></td> </tr> </table> <p style="text-align: right; margin-right: 20px;">суреттер топтамасы</p> <p>Дескриптор: — жабайы жануарларды анықтайды және сәйкес бағанға орналастырады; — үй жануарларын анықтайды және сәйкес бағанға орналастырады.</p> <p>Жеке бағалау «Мадақтау» 6. Саралау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Күнделікті қолданылып жүрген азық-түлікпен және керекті киімдерді тиісті жануарлармен сәйкестендіреді Топтастыру Жануарлар мен құстардан алынатын өнімдерді топтастыр</p> <p>Нәтижесі: -азық-түліктерді, киімдерді жануарлармен сәйкестендіреді -сусындарды ажыратады</p> <p>7. Сергіту сәті «Жануарлардың дауысы»</p> <p>8. (ТЖ) Зерттеу жұмысы Мақсаты: Қажетті сөздерді пайдаланып, кестені толтыру. Жануардың тұратын мекенін, содан соң одан алынатын өнім түрін таңдап алу. МК Кейбір сөздердің қайталануы мүмкін екенін айту</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td style="width: 33%;">Үй жануарларының атауы</td> <td style="width: 33%;">Тұратын мекені</td> <td style="width: 33%;">Қандай өнім алынады?</td> </tr> <tr> <td>жылқы</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>сиыр</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>тауық</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>қой</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>түйе</td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Қажетті сөздер: Атқора күрке сүт Мамық қойқора жүн Қымыз сиырқора жұмыртқа Ет түйеқора шұбат</p> <p>Нәтижесі: • Үй жануарларын мекені анықтайды • Үй жануарларын күтуі туралы әңгімелейді</p> <p>ҚБ Топтық бағалау «Жұлдызша»</p>	Жабайы жануарлар	Үй жануарлары			Үй жануарларының атауы	Тұратын мекені	Қандай өнім алынады?	жылқы			сиыр			тауық			қой			түйе			
Жабайы жануарлар	Үй жануарлары																							
Үй жануарларының атауы	Тұратын мекені	Қандай өнім алынады?																						
жылқы																								
сиыр																								
тауық																								
қой																								
түйе																								

Сабақтың соңы	<p>9. Жинақтау «Еркін микрофон» Жақсы, балалар. Сонымен бүгінгі сабағымызда не туралы айттық? Біз осы сабақтан не үйрендік? — Қандай жаңа мәліметтер алдық? — Сені не таңғалдырды? -Үй жануарларын атайықшы. -Қандай үй құстарын білесіңдер? -Үй құстары мен үй жануарларының пайдасы бар ма? Сабақты қорыта келе сендерге айтарым, үй, жабайы жануарлары мен үй құстарына және өсімдіктерге үнемі қамқор болып жүруіміз керек. Олар үнемі бізден қамқорлықты күтеді.</p> <p>Рефлексия «Бағдаршам» арқылы сабаққа кері байланыс жасайды</p>	<p>Микрофон</p> <p>Қызыл, сары, жасыл түсті дөңгелектер</p>
<p>Саралау Үлестірме тапсырма жазу арқылы оқушының қабілетін ескере отырып ойлау дағдысын қалыптастыру: -киімдерді, азық-түліктерді, жануарлармен сәйкестендіреді -сусындарды ажыратады. Үлгерімі төмен оқушыға қолдау көрсетемін</p>	<p>Бағалау Ø От шашу Ø Бағдаршам Ø Бас бармақ Ø Жұлдызша</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Аудиожазба сергіту сәті</p>
Сабақ бойынша рефлексия	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.